

*Қарабаев Ш.Қ.*

**ӘДІЛЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫ ДӘЙЕКТІЛІКПЕН  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЦ ДАМУЫ**

*Қарабаев Ш.К.*

**СПРАВЕДЛИВАЯ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ  
ПОЛИТИКА – ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ И РЕАЛИЗАЦИЯ  
ПРАВОВОГО ГОСУДАРСТВА**

УДК: 316.323

Қазақстанның болашағы демократияның биік шыңы ретінде қалыптасқан - құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің дамуымен байланысты. Құқықтық мемлекет әлеуметтік бағытталған нарық экономикасына негізделеді, Әлеуметтік бағытталған мемлекет адамның өмір сүру жағдайларын ізгілікті қағидалар негізінде қамтамасыз етуге және еңбеккерлердің әлеуметтік қорғалуына кепілдік жасауға тиісті. Бірақ бұл дамыған азаматтық қоғам арқылы жүзеге асырылады. Шынайы демократияның дамуы азаматтық қоғамды қалыптастыруымен байланысты. Азаматтық қоғам деп қоғам мүшелерінің араларындағы дамыған экономикалық, мәдени, саяси және құқықтық қатынастарды, мемлекетке тәуелсіз, бірақ онымен әрекет жасауға қабілетті болуды айтады. Бұл азаматтардың мемлекетпен бірлестікте жетілген, құқықтық қатынастарды жасаушы әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани-ізгілікті, адамгершілік мәртебесі жоғары қоғам. Азаматтық қоғам - жеке тұлғалардың ерекше, жеке мүдделерін іске асырушы сала. Осы мүдделердің толық орындалуы құқықтық мемлекеттің заң үстемдігінің, әлеуметтік жауапты мемлекеттің орнығуын қажетсінеді. Бұл сілкініссіз және күйзеліссіз дамыйтын қоғамды қалыптастырады.

Әлеуметтік жауапты мемлекет қоғамның барлық жіктерін қорғауға бағытталған тиімді әлеуметтік саясатты жүзеге асыруды көздейді. Әлеуметтік саясат деп халықтың өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған нақты шаралардың жиынтығын айтады. Оның қызметінің маңызды бағытына, ең бірінші бұқара көпшілікті еңбекпен қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру жатады. Әлеуметтік саясаттың әлеуметтік-еңбек саласы қамтитын жүйеге өзара байланысты келесі құрамдас бөліктері кіреді: әлеуметтік сала-ның тармақтары (білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, туризм, тұрғын үй саласы т.б.): еңбек нарығы, жұмыс бастылық, жұмыссыздық; әлеуметтік серіктестік; әлеуметтік қорғау; еңбекке ақы төлеу мен қорғау; әлеуметтік қамсыздандыру; зейнеткерлік жүйе т.б. Тиімді әлеуметтік саясатты жүзеге асырудың нәтижесінде қоғамның ынтымақтастығы мен тұрақтылығы, экономикалық дамудың психологиялық қозғаушы күші артады. Жалпы жеке тұлғаның жан-жақты дамуының негізі қаланады.

Бұл экономикалық саясаттың заман талабына сай жетілдіруін қажет етеді, өйткені өнімділігі жоғары өндіріс әлеуметтік қорғауға жұмсалатын ұлттық табысты ұлғайтатын ең басты қайнар көзі. Әлеуметтік саясаттың тиімділігі әлеуметтік нарық экономикасымен байланысты. Әлеуметтік нарық экономикасының өзегін нарық экономикасы құрады. Нарық экономиканың басты мақсаты өндірістің және пайда табудың тиімділігін арттыру. Бұл мақсаттарды орындау барысында мемлекеттік қоржынға қаржының түсуі артады. Яғни дамыған, еңбек өнімділігі жоғары экономика негізінде ғана жұмыспен қамтамасыз ету, жалақының өсуі, адамның еңбек қауіпсіздігін, тұрмысын жақсарту, сапалы білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік сақтандыру жүйелері тиімді қызмет көрсетуіне жағдай жасалынады.

Қазақстанда экономиканың қарқынды дамуын қамтамасыз етуге бағытталған индустриалды-инновациялық бағдарлама 2003 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Нәтижесінде мыңға жуық жаңа кәсіпорындар құрылды. Соңғы жылдары "бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті халықты" дайындау және 50 елдің қатарына кіру сияқты аса күрделі және үлкен жауапкершілік пен жігерлікті талап ететін қоғамдық мұрат қауымның алдына қойылды. Өндірісті модернизациялау "Қазақстанның 30 корпоративті жетекшілерін дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асырыла бастады. 2004-2008 жылдары ондаған ірі, қазіргі талаптарға сай жабдықталған өндірісін орындарын іске қосты.

2008 жылы осындай 6 жоба жүзеге асырылды, ал жылы 12 жоба жоспарланды. Сонымен бірге 2008 жылы желтоқсан айында Елбасы Н. Назарбаев шетел компанияларда қазақстанның үлесін қазіргі 15%-дан 50%-ға жеткізу қажеттігін инвесторлардың алдына қойды.

2009 жылы Елбасы Н. Назарбаев "Нұр Отан" партиясының XII съезінде инновациялық индустрияландырудың бесжылдығын бастайтындығын мәлімдеді. Осыған сай Үкімет индустрияландыру картасын дайындады, Бұл ел экономикасын эртарлапандыру, өндіс орындарын тиімді орналастыру, осы іске бизнес қауымдастығын жұмылдыру мәселелерін оңтайлы шешуді көздейді. ^Бұл удерісте экономиканы мемлекеттік жоспарлау мен ынталандырудың рөлі күшейетін болады. Сонымен бірге, адал бәсекелестік, жеке меншікке қол сұғылмаушылық және іскерлік бастамашылықты

ынталандыру секілді еркін нарықтың арқаулық қағидаттары бұлжымастан қалады [1].

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы арқылы жүзеге асырылатын өршіл мақсат дара адамның қабілетін бала кезден жетілдіру мәселесімен тығыз байланыста ғана шешілуі мүмкін. Бүгінгі жаңа біліктік талаптарын жоғары деңгейде меңгеру жаңа буынның сапалы және модернизациялау талаптарына сай білім алуына байланысты. Ендігі даму тек қана шикізатты сатуға емес, білім сатуға ғана негізделгенде ақылды экономиканы қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жаңа ақпаратты иеленген немесе пайдаланған мамандардың ғана жаңа технологиялық қоғамды дамытуға мүмкіндігі жеткілікті болады.

Жаһандық кіріктірілуі жағдайында "білім экономикасының" мәні жедел артатынын ескеріп батыс елдерінің жетістігіне қол жеткізуді көздеміз керек: белсенді халықтың 15%-ы тікелей өнім шығару өндірісінде қамтылған, ал 85%-ы шығармашылық менеджмент, ақпарат беру мен қызмет көрсету саласында еңбек етеді. Қазақстан сауаттылық деңгейі бойынша, жалпы орта білімділердің үлесі бойынша әлемдегі озық елдердің қатарында. Инженерлер мен ғалымдардың саны жағынан алғашқы 50 елдер қатарында болғанымен жоғары технология саласында жасалатын өнімдер үлесі мардымсыз. Ұлттық табыстың 90% ауыр еңбекпен және жерасты қазба байлықты пайдаланумен жасалынады. Ал шикізаты жоқ Жапония елі керісінше, жоғары технологияны дамытуды білікті мамандардың еңбегін дұрыс ұйымдастыру мен марапаттау арқылы жүзеге асырады. Бұл елдің еңбек өнімділігі мен сапасы Қазақстаннан он есе жоғары.

Сондықтан Елбасы студенттерге арналған дәрістерінде (2006, 2008-ж.) адамдық капитал, интеллектуалдық әлеуетті дамыту қажеттігін шешіп алмай, аталған өршіл мақсаттың орындалуы тежелетінін ескертті. Білім жүйесіне жылдан жылға үлғайтып бөлінетін қаржыны тиімді жұмсалуды адам капиталын арттыруға бағытталуы қажет. Білім саласын жеткілікті дамыту орта мектептер мен кәсіптік мектептерді ашумен қатар, мұғалімдер мен жоғарғы оқу орындағы оқытушылардың, ғалымдардың мәртебесін көтеруді қажет етеді. Қазіргі білім саласындағы айлық республикалық орта жалақының 40-50% құрайды. Нарықтың көзсіз үнемдеу талаптары шектен асып кеткен. Әр пәнге бөлінетін сағаттар 10-15 жыл бұрынғы деңгейден 4-5 есе төмен. Бұл барып тұрған көзбояушылық. Оқытушыға не дұрыстап дәріс беруге, не бақылауға уақыт болінбейді. Кредит технологиясының талаптарын орындауға оқулықтар жетіспейді, оқуға қабылданатын білімі төмен абитуриенттер үлесі шектен асып кеткен. Жоғарғы білімнің шектен тыс коммерциялануы оның сапасы мен беделіне нұқсан келтірді. Ұлттық бірыңғай тестілеуден алған бағасы 60-70 бал деңгейінен төмен оқушы арнаулы білім жүйесінің төменгі буындарында ғана оқуға шамасы

жетеді. Жалпы қоғамның жоғары білімге талапты жоғарлатудың орнына қағаз жүзінде көрсеткіштерін жақсартуға бейімділігі шектен асып кеткен. Бұл болашақтың алдында жауапкершіліктің төмен екенін білдіреді.

Білімсіздерді ЖОО-ға қабылдау - ол қаржыны ысыраппа ұшыратумен қатар көптеген келеңсіздіктердің себебі болды. Бұл бәсекеге қабілеттілікті дамытуды тежел түр, себебі оқытушылардың біліктілікке ұмтылысын шектейді, білімсіздер мен пысықайларға қолайлы жағдайлар жасайды, көзбояушылық пен паракорлыққа дем береді. Соңғы жылдары жоғарғы білім беру жүйесін онтайландыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту бағдарламасы іске асырылып келеді. Бұны жүзеге асыру үшін мемлекет жалпы білім жүйесінің барлық буындарына талаптарды жоғарлатуы және қаржыны жылдан-жылға үлғайту саясатын тиімді пайдалануы керек. Жылда игерілмейтін немесе ысыраппа ұшырайтын қаржы ең өзекті мәселеге және парасатты жұмсалуды тиісті. Жаппай жоғары білімге жету ұзақ уақытты керек ететінін және оған жалпы орта білім мен экономиканы дамыту арқылы ғана келетінімізді бүкіл идеологиялық және оқу-тәрбие жұмысының арқауына айналдыру қажет.

Ең маңыздысы, білікті маман дайындау рухани-мәдени талаптармен, азаматтық тұлғаны қалыптастыру мақсатымен астасып жатуы тиіс. Әлеуметтік құқықтық мемлекеттің ұстанымы адам бостандығы мен құқығын құрметтеуге негізделеді. Бұл мемлекеттің білім-тәрбие жүйесі өскелең ұрпақтың дайындығын қоғамның мұраттарының рухында қамтасыз етуге кепілдік жасайды. Сонда ғана әлеуметтік-экономикалық саясаттың тиімділігі артып, өтпелі кезеңнің жағдаятында сақталып келген әлеуметтік масылдық пен шенеуніктердің кеңсешілдік жарылқаушылық-қамқоршылық кейіптегі азаматтарға қараушылығының зияндықтарын үдете дендеу мүмкін болады. Бұл азаматтық парыз талаптарын қояды қажет етеді. Мемлекеттік саясат әр адамның өзінің айналысатын ісіне отаны алдындағы борышын орындау тұрғысынан қарайтын азаматтық санасын қалыптастыруға бағытталуы тиісті. Сөз жоқ, оқу-тәрбие ісінен бастап мемлекеттік басқару жүйесіне дейін отан алдындағы азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруды көздеу басты мақсат болып табылады. Ал бұның бәрін заман талабына сай ұйымдастыру басқару жүйесіне жүктеледі. Елбасының алғашқы Жолдауларында ескерілгендей, "шенеуніктердің жаңа жағдайға бейімделуі үшін біз бөле алатын уақыт" әлде қайда өтіп кеткен. "Ендігі жерде өзге адамдардың есебінен жарылқаушы болуға, елдің дамуына нұқсан келтіруге болмайды. Осы зиянды әдеттердің қаулап өсуі әлеуетіне түбірінен балта шауып" қайта құру мақсаты қойылған. Демек, "біз шенеуніктердің білімсіздігі мен өзімшілдігін, жауапсыздығы мен адамдардың мұқтажына енжарлығын түбірлі еңсеруіміз керек" және "билік пен бизнестің өзара астасып кетуінен арылуымыз керек" [2]. Яғни

мемлекеттік қызметке қабылдау шарттарында кәсіби біліктілігі мен адами қасиеттеріне бірдей талап қойылуы тиіс.

Құқықтық мемлекеттің құндылықтарын жүзеге асыру тікелей мемлекеттік қызметкерлердің рухани-құлықтық және кәсіби деңгейіне тәуелді. Соңғы жылдары мемлекеттік қызметкерлерді дайындауға көп көңіл бөлінеді. Оларға қойылатын басты талаптар: білімді, білікті, бәсекеге қабілетті болу, өз ісін толық халықтың әлеуметтік мұқтажына бағындыру, шағын және орта бизнестің дамуына қолдау жасау, ол адалдықтың, мәдениеттіліктің, отан-шылдықтың үлгісі болып, елдің зандары және бағдарламасын жетік біліп, оларды адамдарға түсіндіре алуы аса маңызды. Ол сапалы қызметті атқаруды өзінен де, өзгеден де талап етуі қажет. Қазір қағазбастылықтың үстемдігі орнаған. Бұл іске арналған уақытты ысырапқа ұшыратады және көзбояушылыққа ынталандырады. Шенеуніктер карапайым халық тұрмақ, қоғамдық ұйымдардың, депутаттардың жанды ауыртқан мәселелерді шешуді шағымданғанда жалтарма жауап беріп немесе мәселені үстірт карап өз міндеттеріне жауапкершіліксіз қарайтындары қалыпты жағдайға айналған.

Сыбайлас жемқорлық кеңестік лауазымды қызметкерлерінің өз орнын жеке пайдакүнемдікке қолданғанымен тікелей жалғастығы бар. Әлеуметтік құбылыс ретінде бұның түпкі себептеріне социалистік экономиканың тиімсіздігі мен өз қызметін жеке табыс табу үшін пайдаланатын лауазымды адамдардың азғынуы жатады. Демек, қоғамның әлеуметтік-экономикалық саяси-құқықтық негіздерін дұрыс қалыптастырмай, өз ісін атқаруда шығармашылық дербестік бермей қызметкерге рухани-ізгілікті, азаматтық жауапкершілік талаптарын қоюдың өзі артық.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жаңа деңгейде өрістету мақсатында "Нұр Отан" партиясы "Сыбайлас жемқорлыққа он мәрте күйрете сокқы атты арнайы бағдарлама бойынша бірінші өз қатарында жеке бас пайда үшін партияға өткендерден арылу күресін жүргізе бастады. Сонымен бірге бұл күреске халықты жұмылдыру мақсаты қойылды. Студенттік ұйымдардың ЖОО-ғы паракорлықпен күресі кең етек жайып келеді. Бұл әлеуметтік кесел әлеуметтік саясаттың объективті негіздерін және субъективті жағдайларын кешенді түрде шешімін жүзеге асыруды қажет етеді. Ең бастысы, тиімді және әділетті әлеуметтік-экономикалық, саяси басқаруды іске асыру болып табылады.

Қазіргі қоғамдардың дамуы жаһандану үрдістерімен анықталады. Барған сайын экономикалық қатынастар дүниежүзілік халықтардың өзара тәуелділігін арттырып келеді, өйткені ғаламдық бірыңғай экономикалық кеңістіктің қалыптасу үдерісі қарқынды жүріп жатыр. Соңғы жаһандық қаржы дағдарысы 2007-2008 жылдары АҚШ-дағы ипотекалық дағдарыстан бастау алып, бүкіл дүние жүзінің экономикаларын шарпып кетті.

Сол сияқты мәде-ни және саяси қатынастардың өзара тығыз әрекеттестігі нарықтың теріс жағын таратумен бірге, демократиялық, жалпы адамзаттық құндылықтардың кеңтарауына мүмкіндік берді. Бірыңғай ақпараттық кеңістіктің қалыптасуы ақпараттық экономиканың үстемдігін орнатуға жол ашты.

Қазақстанның жанару кезеңінде тұрған бас мақсаты - ол әлеуметтік-құқықтық мемлекеттігін нығайту. соның негізінде жаңа әлеуметтік экономикалық және әлеуметтік-саяси қатынастары қалыптастырылады. Ал ол үшін қазақ халқының дәстүрлі қоғамымен сабақтастығын қалпына келтіру, қазіргі өркениеттің талаптарына бейімдеп сәйкестендіру, мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту арқылы әлеуметтік, ұлтаралық шиеленістердің оңтайлы шешімдерінің негізін жасау қажет. ХХІ ғ. басында азаматтық қоғамды орнықтыру мақсаттары осы бағытта табысты орындалып жатыр. Ашық плюралистік қоғам жасаудың барлық саяси-экономикалық іргетасы орнықты. Жаңа сайлау жүйесі енгізіліп партиялар мен көп ұлттардың өкілдерінен Мәжілісті құру мақсаты бірте-бірте іске асырылып келеді.

Өтпелі кезеңде маңыздылығы артатүскен мәселе құлықтық, өнегелік қатынастардың құндылығына теріс қараудың күшеюі болып табылады. Нарықтық қатынастардың енгізілуі әкелген қарама-қайшылықтар табысқа жету үшін теріс әдіс-амалды жұмсауды ақтайтын жалған көзқарас, әсіресе жастар арасында кең өріс алды. Капиталистік елдерде жекешілдік сананың қалыптасуы төрт ғасырдан аса уақытты қамтиды. Нарықтық қатынастар адамның ақша жинауды, капиталдың қорын жасауға құмарлығын қоздырып дамытады. Қазіргі батыстың өнеркәсіптік өркениетінің дағдарысқа ұшырауының себебі адам өмірінің рухани негізін жойып, оның бәрін тұтынушылық мақсаттарға бағындырудан туындаған. Материалдық игіліктерді шексіз тұтынудың зияны барған сайын күшейіп келеді. Қарқынды даму табиғатты жойып, адамның жүйкесіне ауыр жүк салып тоздырады, басқа ауруларды асқындырды. Шексіз тұтынушылықты, байлықты қамтамасыз ету үшін өмір сүруі жанталаса бәсекелесу мен әбігершілікке айналған. К.Лоренц мойындағандай, "табиғи қажеттілік емес тек қана... бізді жүрек ауруына және өзіне ие бола алмайтын ашушандыққа бой ұруға әкелетін ырғақпен жұмыс істеуге мәжбүр етеді. Осыдан батыс өркениетінің жанталаса қимылдайтын әбігершілігінің қаншалықты ақылсыздық екені көрініп тұр" [3].

Батыс капитализм құндылықтарын қорғаушылары марксизм болжағандай, капиталистік қоғам жойылмағанын оның артықшылығы деп дәлелдегісі келеді. Бірақ Маркс пен Ленин капитализм байлықты аз адамдардың қолында шоғырландыратынын, ал басым көпшілігі кедейленетінін дәлелдеулері жоққа шығарылған жоқ. Технологияның даму нәтижесінде 1920-1950 жылдары "көк жағалы" жұмысшылар "ақ жағалы" қызметкерлерге айналды, ХХ ғ. бойы батыс

жұмысшылары өз элеуметтік жағдайын жақсарту үшін күресті. Оған социалистік елдердегі оң өзгерістер ықпал жасады, Социалистік және социал-демократиялық партиялар билікке келіп элеуметтік мемлекеттің негізін жасады. Сондықтан Маркстің керсеткен таптық күресі тек қана сәл басылды, бірақ бейбітшілік сипатта жалғасып жатты. Себебі дамыған елдердің бәрінде адамдардың азғана үстем табы жеке меншікті иеленіп өз қолдарына ұлттық байлықтың басым бөлігін шоғырландырған. Германия, Канада, Швейцария, Австралия, Ұлы Британия, АҚШ сияқты елдерде табысы жоғары 20% отбасында 38,5-47,4% байлық шоғырланса, керісінше табысы төмен 20% отбасыларында 8,2% - дан (Германия) 4,3%-ға дейін аталған елдерде бұл көрсеткіштер төмендей береді. Социал-демократиялық негізде құрылған Швецияда теңсіздіктің айырмашылығы ең төмен; 34,5% байлықты 20% табысы жоғары отбасылар, ал 9,6%-н 20% төмен табыстылар иеленеді [4]. Бірақ бұл қоғамда да теңсіздік елеулі екені көрініп тұр.

Бұның себебін капиталистік құрылыстың табиғатымен түсіндіре аламыз. Үстем тап өзінің жеке меншіктік мүддесін қорғайтын саяси-экономикалық заңдар мен билікті пайдаланады. Бірақ дамыған азаматтық қоғамның талаптарына сай элеуметтік жағдайларды жақсартуға мәжбүр болады. Дегенмен өзінің бастапқы табиғатына сай капиталистік қанаушылық әртүрлі амалмен жүзеге асырылады. Тарихи даму барысында отарланған елдер тәуелсіздік алғанда, олардың экономикалық тәуелділігін сақтап қалды. Барлық дамушы елдер арзан шикізат және арзан жұмыс қолы ретінде тоналып мешеу күйден құтыла алмады. Бұл елдер Батыстың оншақты триллион доллар қарыз бұғауына күрсаулап тасталған. Енді кедейшіліктен көзі ашылмаған . оңтүстіктің арзан жұмыс қолы Батыстың ауыр қара жұмысын атқаруға жалданады. Сол себептен көшікон заңдары келушілерге біршама жеңілдік жасайды. Бірақ жергілікті халықтың жұмыссыздығы осы себептен өсіп келеді. Грекиядағы 2008 жылдың 7 желтоқсанында басталған жаппай тәртіпсіздіктер 1986 жылғы үйсіз-күйсіз жүрген қазақ жастарының көтерілісі сияқты элеуметтік-тұрмыстық жағдаймен тікелей байланысты. Қазіргі Грекияда жастар арасындағы жұмыссыздық 25%-ға жеткен.

Т. Вебленнің пайымы бойынша, ақшалы қоғам дәуірінде шын мәнінде қанаушы қоғам ретінде тауарлы-ақшалы қатынастар арқылы зорлығын жүзеге асырады. Өйткені қанаушылықтың негізінде қоғамның өндіретін артық игіліктерін тартып алу үшін күрес жүргізіледі. Бұның бәрі, қанаушылықпен, қылмыстық әрекеттермен астасып жатады.

Р. Мертон капитализмнің табиғатына тән нәрсе алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық деп көрсеткен. Соңғы қаржы дағдарысы кезінде ашылып қалған ең ірі алаяқтықты жасаған БИА5РАО электрон биржасының басшысы Б.Медофф. Ол ондаған жылдар бойы қаржы пирамидасын жасап

салымшыларын алдап жүргенін жасыруға қолдау көрсеткендер құқық қорғау орынның өкілдері болған. Ақ жағалы қылмыскерлердің алаяқтығынан немесе банктегі қаржыны ұрлаудан қоғам көп шығын көреді. 1980-ші жылдары салымшылардың қаржысын құтқарудың мемлекеттік бағдарламасына 600 млрд. долл. салықты жұмсауға мәжбүр болған [5]. Мемлекет қаржы жүйесін құтқару үшін 780 млрд. долл. несие бөлді. Енді осының салдарынан өндіріс саласы күйрей бастаған-дыктан ең ірі аутомобиль шығарушы өндіріске 17 млрд. долл. көмек бөлінді, сонда да "Дженерал моторс" банкрот болды. Осы жағдай бүкіл барлық дамыған елдерге тарады. Бұл капиталистік жүйенің 1929-1933 жылғы дағдарыстан да терең екенін көрсетті. 2008 жылы барлық дамыған елдердің қаржылай шығыны 50 трлн. долл. асты. Давос қаласында өткен экономикалық форумда Blakstone инвестициялық қордың басшысы С.Шварцман жариялағандай, дүниежүзілік байлықтың 40% 2008 ж. жойылып кетті. Сонда жеке байлықты асыру үшін бәсекелесудің қажеті не?

Бұның бәрі соқыр бәсекелестіктің зияндығын дәлелдейді: алдымен табысқа белшесінен батады, ал өндірістің артық өнімін реттейтін құрал - мемлекет болмағандықтан барлық табысынан ақыры айырылатын болады. Бұл ірі монополиялардың қомағайлығы мен ашқарактығынан табысты ұлғайту үшін той-ымсыздықпен және нысапсыз шығындар жасауларының салдары. Бұған жол беретін мемлекет, себебі, Дж. Гелбрейт пайымдағандай, мемлекет барған сайын монополиялардың торына тартышып, билігінің астында қалып барады [6]. Нәтижесінде табиғи байлық талаң-таражға ұшырайды, экологиялық зардаптар тез тарап барады, артта қалған елдердің кедейшілігі арқасында халықтың аз . бөлігі қолайлы өмір сүреді, бұның бәрі қылмысты, зорлықты, жүйке ауыруын т.б дерттерді ұлғайтып келеді.

Демек жаһандану жағдайында халықаралық әділетті экономикалық қатынастарды қалыптастыру қажеттігі туындады. Қазақстанның Президенті Н.Назарбаев дағдарыстан шығу кілтін Әлемдік валюта жасаумен байланыстырды. Себебі "ескі әлемнің валютасы эмитенттің қызмет ресімдері қай жағынан да немесе қай тұрғыдан да демократиялық болып табылмайды". Латын Америка басшылары тұрмақ, Францияның және Германияның басшылары АҚШ валюта-тасының үстемдігін шектеуге, қаражатты қатал бақылауға, салық төлеуден оффшор аймақтарда жасыруға шара қолдануға шақырды. Ал түбегейлі мәселе қоғамның экономикалық саясатын бұқара көпшілікке қызмет ету амалын табуы қажет етеді.

Сөйтіп либералдық нарық экономикасының келеңсіздіктері терең элеуметтік қайшылықтарды тудыратынын ХХ ғасырда зерделей келіп, одан шығудың жолдарын іздеу талабы тұр. А.Смиттің нарықтың өзін-өзі реттеуге қабілеттілігін еркін сауда дәуірінде ғана қолдануға жарамды екені ХХІ

ғасырдың басында айқын көрініс тапты. Ол басқару тарапынан әкімшілік кедергілер жасалынбаса нарықтың "көрінбейтін қолы" өзі экономикалық дамуды реттейтініне сенім артқан. Көрінбейтін қол ұсыныс пен сұраным арқылы еңбек өнімділігін, әрбір тауардың өзіндік құнын анықтай алатынын және өндірушінің осыған сай жұмсаған ақыл-ойын, жігерін, ұйымдастыру қабілетін - бәрін ақтап табысын арттыратынын біржакты караған. Өйткені өмірде ештеңе идеалды түрде болуы мүмкін емес. ХХІ ғасырда бұл теорияға толықтырулар енгізуді қажет етті. Себебі көлденең тұратын объективті және субъективті кедергілер экономиканың бірқалыпты дамуын бұзуы мүмкін. Сөйтіп монополиялық үстемдікке қарсы немесе әлеуметтік шиеленіске әкелетін жұмыссыздық пен кедейшіліктің шектен тыс асуына мемлекеттік тұрғыдан реттейтін саясатты іске асыру қажет.

Әлеуметтік-құқықтық мемлекет үстем таптың озбырлығына, қанаушылықтың кез келген түріне заң негізінде тосқауыл қоюға міндетті. Мысалы монополиялардың жасырын қанаушылығына жол ашатын, барлық Еуропа елдерінде жөнсіз еркіндік берген көшікон заңдарына 2005-2009 жылдары қарсылық шерулер өткізді. Австрияда иммиграцияға тосқауыл қоюға шақырған партия екі рет парламент сайлауында жеңіске жетті. Яғни үстем тап өкілдері өзінің экономикалық мүдделерін шешу үшін жалған демократиялық кағиданы жамылып, сырттан келіп арзан жұмыс қолы болатындарға шекараны айқара ашады. Шынайы әлеуметтік мемлекет Жапонияда жұмыссыздықты экономиканың қалыпты даму кезінде 1-2% деңгейінде сақтай алды. Жұмыс берушілер заң бойынша қысқартқан қызметкерлерді бір жыл бойы айлығын сақтауға тиісті. Қазақстан Үкіметі 2008 жылдың күзінен бастап жұмыссыздықты жою шараларына (кадрды қайта оқыту, ғимараттарды, жолдарды

жөндеуге) 140 млрд. теңге бөлінді, 400 мың жұмыс орны ашылды.

Сонымен нарық экономикасы дамуының негізгі қозғаушы тетігін анықтау арқылы азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті қалыптастырушы мәнді жәйттерді анықтауға мүмкіндік береді. Тарихи бірте-бірте дамудың белгілі кезеңінде нарық қатынастары азаматтардың экономикалық еркін және тәуелсіз әлдебір ассоциациясы, жеке тұлғалардың өзара тең және өзінің тіршілік ету жағдайларына жеке меншікті иеленген дербес. егемен, еркін одағы ретінде азаматтық қоғамның қалыптасуының іргелі негіздерін жасап шықты. Азаматтық қоғамның қалыптасуы құқықтық мемлекеттіліктің дамуын анықтайды. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің өзара әрекеттесуі адамдардың бостандықтары мен құқықтарын орнықтыруға адамзаттың материалды және рухани дамуының негізінде мүмкіндік алды. Яғни жеке меншікті еркін иеленуге алған құқықтары адамның әлеуметтік бостандықтарының аясын кеңейтіп, әлеуметтік табиғатын және дербес шешімдер қабылдау қабілетіне оңды әсер етті. Демек, дамыған азаматтық қоғам толыққанды нарық қатынастарын дамыту және бұқара көпшіліктің әлеуметтік мүдделерін орындауға бағыттайтын құқықтық мемлекетті нығайту арқылы адамның іскерлігін, дербестігін, тәуелсіздігін, еркіндігін қамтамасыз етеді. Бұл жетілген азаматтық қоғамның негізгі белгісін білдірсе. екінші негізгі белгісін дамыған және әралуан топтардан тұратын қоғамның әлеуметтік құрылымы бейнелейді.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. Егемен Қазақстан. 16 мамыр 2009 жыл.
2. Ақиқат, 2002. № 1.
3. Қара-Мурза С. Евроцентризм - эдипов комплекс. М.: Алгоритм, 2002. 46 б.
4. Масионис Дж. Социология. СПб.: Питер. 2004. 355-368 б.
5. Масионис Дж. Социология. 367 б..
5. Гэлбрэйт Дж. Жизнь в наше время. М., 1986. 395 б.

**Рецензент: д.соц.н., профессор Исаев К.И.**